

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Шамғали Ақерке Жеңісбекқызы

Тақырыбы: “Ақтөбе облысының Мәртөк ауданының орталығын сумен қамтамасыз ету үшін Илек өзенінің аллювиалды суларының гидрогеологиялық жағдайын зерттеу жобасы”



**Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Мамандығы 5В070600 – Геология және пайдалы кен қазба орындарын барлау

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Геол-минерал.ғыл.канд.

PhD доктор, ассоц профессор

_____ Т.А.Енсеппбаев

“_____” _____ 2020ж.

**Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: “ Ақтөбе облысының Мәртөк ауданының орталығын сумен қамтамасыз ету үшін Илек өзенінің аллювиалды суларының гидрогеологиялық жағдайын зерттеу жобасы”

Мамандығы 5В070600– Геология және пайдалы кен қазба орындарын барлау

Орындаған

Шамғали А.Ж.

Ғылыми жетекші

Физ.-математика ғыл.канд,

ассистент профессор



Танирбергенов А.Г.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

Мұнай және газ геологиясы

PhD доктор, ассоц профессор

_____ Т.А.Енсепбаев

“ _____ ” _____ 2020ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Шамғали Ақерке Жеңісбекқызы

Тақырыбы: “ Ақтөбе облысының Мәртөк ауданының орталығын сумен қамтамасыз ету үшін Илек өзенінің аллювиалды суларының гидрогеологиялық жағдайын зерттеу жобасы ”

Университет Ректорының 2020 жылғы " 27 " 01 № 762 -б
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2020 жылғы "18 " мамыр .

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: У.М.Ахмедсафин атындағы
«Гидрогеология және геоэкология» ЖШС алынды.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) дипломдық жобаның жалпы бөлімі

б) дипломдық жобаның арнайы бөлімі

в) Өмір тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары

г) жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарын тізімі: жұмыс ауданының және учаскесінің гидрогеологиялық картасы, фактілік материалдар картасы, жерасты сулары пайдалану қорларын есептеу жоспары, № 1015/1 ұңғыманың геологиялық-техникалық қимасы, санитарлық қорғау зонасы схемасы презентация слайдтарында көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 8 атау

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлімі	18.03.20 ж. – 25.03.20 ж.	
Арнайы бөлім	26.03.20 ж. – 19.04.20 ж.	
Экономика бөлімі	20.04.20 ж. – 15.05.20 ж.	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған **қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлімі	А.Г.Танирбергенов физика-матем.ғыл.канд, ассистент профессор	20.03.20 ж.	
Арнайы бөлім	А.Г.Танирбергенов физика-матем.ғыл.канд, ассистент профессор	10.04.20 ж.	
Экономика бөлімі	А.Г.Танирбергенов физика-матем.ғыл.канд, ассистент профессор	03.05.20 ж.	
Норма бақылау	Ж.С.Құдайберді жаратылыстану ғыл.магистрі	18.05.20 ж.	

Ғылыми жетекші



Танирбергенов А.Г.

Тапсырманы орындауға алған білім алу



Шамғали А.Ж.

Күні

" 18 " мамыр 2020ж

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты – Ақтөбе облысы, Мартұқ ауданында шаруашылық орталықтарын топтық сутартқыштармен орталықтан сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларына толық іздеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Дипломның жалпы бөлімінде жұмыс ауданы туралы мағлұматтар, оның орналасқан жері, орогидрографиясы және климаты туралы жазылған. Сонымен бірге учаскілердің гидрогеологиялық мен геологиялық құрылымы көрсетілген.

АННОТАЦИЯ

Целью дипломной работы является исследования гидрогеологических условий аллювиальных вод долины р.Илек для водоснабжения хозяйственных центров Мартукского района Актюбинской области.

В общей части диплома указываются сведения о площади работы, его местоположении, орогидрографии и климате. Также представлена гидрогеологическая и геологическая структура участков.

ABSTRACT

The purpose of the thesis is to study the hydrogeological conditions of alluvial waters of the Ilyak river valley for water supply of economic centers of the Martuk district of the Aktobe region.

The General part of the diploma contains information about the area of work, its location, orohydrography and climate. The hydrogeological and geological structure of the sites is also presented.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Жалпы бөлім	10
1.1	Жобаланған жұмыстардың мақсаты; объектінің кеңістік шекаралары; негізгі бағалау параметрлері	10
1.1.2	Геологиялық, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық тапсырмалары; оларды шешудің негізгі әдістері мен жүйелілігі	10
2	Гидрогеологиялық бөлім	11
2.1	Бұрында жүргізілген жұмыстарды талдау	11
2.2.	Іздеу жұмыстарының телімін, келешегі бар сулы горизонтты таңдау және олардың сипаттамалары	12
2.3	Жер асты суларының қалыптасуының негізгі заңдылықтары	13
2.4	Жер асты суларының табиғи қорлары мен ресурстарын бағалау	14
2.5	Кенорыңында жерасты суларын барлау әдістерінің ерекшеліктері	16
2.6	Қорытынды	17
3	Жұмысты орындау әдістемесі	18
3.1	Жұмыстардың негізгі тапсырмалары	18
3.2	Жұмыс көлемдері мен жүргізу әдістемелері мен тапсырмаларына негіздеме	19
3.2.1	Маршруттық зерттеулер	20
3.2.2	Геофизикалық жұмыстар	21
3.2.3	Бұрғылау жұмыстары	22
5.	Суды жоғары көтеретінді таңдау және негіздеу	24
3.2.4	Тәжірибелік –сүзілулік жұмыстар	28
3.2.5	Режимдік бақылаулар	32
3.2.6	Сынамалау	34
3.2.7	Зертханалық жұмыстар	35
	Қорытынды	37
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	38
	А қосымшасы Жұмыс учаскесінің шолу картасы	39
	Б қосымшасы Телім бойынша тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері	40
	В қосымшасы Сүзілу коэффициентін есептеу	41
	Г қосымшасы Табиғи ресурстарды анықтау сұлбасы	42
	Д қосымшасы Эрлифтті есептеу	43

Е қосымшасы	Геологиялық-техникалық қима	44
Ж қосымшасы	Сметалық-қаржылық есептеу	45

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаның мақсаты – Ақтөбе облысы, Мартұқ ауданында шаруашылық орталықтарын топтық сутартқыштармен орталықтан сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларына толық іздеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Іздеу жұмыстары сумен қамтамасыз ету үшін жарамды сулы горизонттарды зерттеу мен олардың қорларын C_2 категориясы бойынша бағалау қажеттілігі негізделген.

Қазіргі уақытта шаруашылық орталықтарының басым көпшілігі, антисанитарлық жағдайдағы, шахталық құдықтардағы сумен қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты, аудан аумағында алдын ала барлау жұмыстарын жүргізу арқылы, сумен қамтамасыз ету үшін келешегі бар сулы горизонтта бағалау жұмыстарын жүргізу қажет.

Жеке шаруашылықтардың қажеттіліктерін ескеру арқылы, тапсырыс берілген қажеттілік $21000 \text{ м}^3/\text{тәулікті}$ құрайды. Келешегі бар сулы горизонт C_1 категориясы бойынша оның қорларын бағалауға мүмкіндік беретіндей, толық зерттелуі керек.

1 Жалпы бөлім

1.1 Жобаланатын жұмыстардың мақсаты; объектінің кеңістіктік шекаралары; негізгі бағалау параметрлері

Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – 21000 м³/тәулік мөлшерде, С₁ категориясы бойынша пайдаланылатын қорларын бағалау арқылы, Ақтөбе облысы, Мартұқ ауданында шаруашылық орталықтарын сумен қамтамасыз ету мақсатында, жерасты суларын алдын ала барлау болып табылады.

Бұл қажеттілік 24 шаруашылық орталықтары арасында келесідей түрде таралған:

Елді-мекеннің атауы	Q ₁ мың. м ³ /тәулік	Елді-мекеннің атауы	Q ₁ мың. м ³ /тәулік
Байтұрасай	1,2	Покровка	1,0
Шевченко	1,2	Полтавка	1,0
Қаратасай	1,2	Коминтерн	1,0
Карачаевка	0,9	Жуса	0,9
Дмитриевка	1,1	Ленинский	0,8
Веренка	1,1	Линовецкий	0,4
Төңкеріс	0,3	Тарангүл	0,5
Вознесеновка	1,2	Андреевка	1,0
Рыбаковский	0,9	Красноярский	0,5
Первомайский	0,4	Қаратоғай	0,8
Қарағаш	0,5	Студенческий	1,0
Степь	0,9	Казанка	1,0

Жұмыс ауданы Ақтөбе Орал маңы шектерінде орналасқан және Каспий маңы гидрогеологиялық ауданының шығыс шекарасына ұштасады. Батыс жағында жер беті суларының енді торабымен (Урта-Буртя, Елек өзені) және оңтүстік – шығыста өзен аңғарларының сутіректі бүйірімен шекараласады.

Негізгі бағалау параметрлері келешегі бар сулы горизонттың қалыңдығы, оның таралу алаңы, ұңғымалардың дебиті, деңгейдің жатыс тереңдігі болып табылады (А Қосымшасы).

1.1.2 Геологиялық, гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық тапсырмалары; оларды шешудің негізгі әдістері мен жүйелілігі

Жұмыс ауданы Ақтөбе Орал маңының батыс бөлігінде орналасқан және Орынбор облысының солтүстік бөлігін қамтиды. Аудан аумағы бедер сипаты бойынша барынша біртекті емес, яғни, солтүстік – шығыс және оңтүстік – батысқа қарай біртіндеп бедер жайпақталады.

Ауданның климаты күрт континенталды. Қысы – сық, қатты, жазы – ыстық, құрғақ. Жауын – шашынның түсуі біркелкі емес, яғни көп бөлігі жылы уақытта жаңбыр түрінде түседі. Өсімдік және жануарлар әлемі әртүрлі.

Жұмыс ауданы гидрографиялық қатынаста екі ірі өзендердің алабына ұштасқан: Орал және Елек. Жұмыс аумағында ең ірі су артериясы Урта-Буртя өзені болып табылады.

Ауданның экономикалық және көліктік жағдайының дамуы қанағаттандыралық. Жұмыс телімінің электр энергиясы, отын және құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілуі қарастырылған.

Жұмыс аумағы геологиялық қатынасында перм, триас, юра, бор, неоген және төрттік жүйенің таужыныстары қатысады. Олардың барлығы жер бетіне шығады.

Жұмыс ауданы тектоникалық қатынаста Оңтүстік периклиналды ойысының жүйеленген белдемі мен Орал қатпарлы жүйесінің жиектік ойысында орналасқан. Жүйелену шекарасы шартты түрде Урта-Буртя өзен аңғары бойынша жүргізіледі.

Бұл жерде геоморфологиялық қатынаста бедердің денудациялық типі көп кездеседі.

Ауданның гидрогеологиялық жағдайы, оның аумағында сумен қамтамасыз ету мақсаттарында зерттеу жүргізу үшін жақсы зерттелген.

2 Гидрогеологиялық бөлім

2.1 Бұрында жүргізілген жұмыстарды талдау

Жұмыс аумағында іздеу жұмыстары процесінде 1:50000 масштабтағы гидрогеологиялық түсірім жұмыстары жүргізілді, ол процесте қажетті жұмыстардың толық кешені орындалды.

Дешифрлеу көмегімен аумақтың қарапайым гидрогеологиялық жағдайлармен сипатталатындығы белгіленген.

Гидрогеологиялық маршруттар іздеу ұңғымаларын орналастыруға қолайлы орындарды таңдау мен жерасты сулары қорының қалыптасу жағдайларын анықтау үшін қайнарлар, ашық суқоймаларын тексеруге мүмкіндік берді.

Бұрғылау жұмыстарымен 5 енді профильдерде орналасқан, 15 іздеу ұңғымалары бұрғыланды. Олардың ішінде телімге 8 ұңғыма түскен, бұл шығыстан батысқа қарай жоғарғы триас түзілімдерінің литология-фациалды құрамы қалыңдығының өзгеруін, сол сияқты қоректену және тасымалдану белдемінде, жерасты суларының минералдылығының өзгеруін байқауға мүмкіндік берді.

Ұңғымалар сазды ерітіндімен шаю арқылы, УРБ-ЗАМ білдегімен колонкалы тәсілмен бұрғыланды. Ұңғымалардың тереңдігі 150 м дейін, диаметрі 191 мм дейін.

Ұңғымаларда бұрғылау жұмыстарын жүргізгеннен кейін геофизикалық зерттеулер жүргізілді. Геофизикалық зерттеулердің мақсаты – қиманың литология-стратиграфиялық бөлшектенуі, жерасты суларының минералдылығы мен сүзілу коэффициентін, сулы горизонттардың қалыңдықтарын бағалау арқылы, сулы және сутіректі горизонттарды бөлу, сүзгілерді орнатудың оптималды аралықтары мен таужыныстарының табиғи радиоактивтілігін анықтау.

Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер СК-1-74 автоматты каротажды станциясымен жүргізілді.

ҰГЗ кешеніне КС, ПС, БКЗ электрлік каротажы мен гамма-каротаждан басқа, геологиялық қиманы нақтылау мен ұңғыманың фактілік диаметрін анықтау үшін кавернометрия; ұңғымаға су құйылысы орындарын анықтау үшін – резистивиметрия; шегенделген аралықтада сүзгілерді шаю сапасы мен сүзгілердің жұмыс істейтін аралықтарын белгілеу мақсатында шығынды өлшеу де кірді.

Ұңғымаларда ҰГЗ жүргізгеннен кейін тәжірибелік жұмыстар жүргізілді, оның құрамына 15 м ұзындықты, диаметрі 127 мм, сүзгілерді «шұңғымаға» орнату да кірді.

Ары қарай қаттың суқайтарымдылығын қайта қалпына келтіру мақсатында сазсыздандыру жүргізілді. Содан кейін әртүрлі горизонттардың сүзілулік қасиеттерінің салыстырмалы сипаттамаларын, сол сияқты сынамаланатын сулы горизонттардың шамалы параметрлерін алу үшін, 3 бр/см жалғасатын эрлифтінің көмегімен сынамалық сутартулар жүргізілді.

Жерасты суларының минералдылығы мен химиялық құрамын анықтау үшін, сол сияқты уранды жалпы іздеу мақсатында барлық ұңғымалардан, сутартудың соңында ҚХТ, құрғақ қалдықтың спектралды талдауы мен арнайы талдауларға сынама алынды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша, зерттеуді ары қарай жүргізуге мүмкіндік беретін, сулы горизонттардың сипаттамалары туралы қажетті деректер алынды.

2.2 Іздеу жұмыстарының телімін, келешегі бар сулы горизонтты таңдау және олардың сипаттамалары

Іздеу жұмыстарының телімі, дебиті өте жоғары ұңғымалар орналасқан, Урта-Буртя өзенінің оң жағалауында, Байтұрасау ауылының маңында орналасады.

Бұл телім нақты табиғи шекараларды иеленеді. Солтүстікте, шығыс және оңтүстікте – бұл жоғарғы триас түзілімдерінің сынамалану шекарасы, батыста шекара Урта-Буртя өзен аңғары бойынша жүргізіледі, яғни бұрғыланған ұңғымалармен батысқа қарай, минералдылығы аз (1,3-2,2 г/л), аз қалыңдықтағы сулы горизонттар ашылады.

Телімде литологиясы мен жастары әртүрлі төрт түзілім бөлінген. Юра жүйесінің жоғарғы бөліміндегі түзілімдер (I_3), негізінен сазды таужыныстарымен ашылған, салдарынан сулылығы аз, сондықтан талдауға жатпайды.

Неоген жүйесінің түзілімдері (N_{2ak}) саздармен ашылған, сондықтан телім шектерінде сулар шашыранды таралған, осыған байланысты, сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылмайды.

Аллювиалды төрттік түзілімдердің сулы горизонты (aQ_{III-IV}) жақсы сапалық сипаттаманы иеленеді, бірақ сулылығы мен таралу алаңы айтарлықтай аз, сондықтан сумен қамтамасыз ету үшін келешегі жоқ.

Жоғарғы триас түзілімдері сумен қамтамасыз ету үшін келешегі бар болып табылады. Телім шектеріндегі жоғарғы триас түзілімдері, қимада және де жоспарда жоғары фациалды өзгергіштігімен сипатталады.

Телімнің шығыс бөлігінде, түзілімдердің сынамалану шекарасында 100 метрге дейінге қалыңдықтағы құмдақты-гравийлі-малталы түзілімдер таралған, батыс және оңтүстік-батыс бағыттарда, бұл түзілімдерде сазды қабатшалар пайда болады.

Бұл кешен, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағыттағы грунтты ағын, қалыңдығы өзенге қарай 110 м – 70 м дейін, тереңдігі 19,3 - 9 м дейін. Сулы горизонт жоспарда шығыс шекарада $Q=0$, батыс шекарада $M=const$ жағдайлармен жолақ қабат ретінде сұлбаланған, жолақтың ені солтүстікте - 7500 м, оңтүстікте - 9000 м және орташа – 8750 м.

Барынша минималды деңгей 1749 ұңғымада, максималды деңгей 73 ұңғымада белгіленген. Минималды минералдылық 1749,1750 ұңғымаларында – 0,3 г/л, максималды минералдылық 73 ұңғымасында – 0,9 г/л. Сулар тұщы, гидрокарбонатты, гидрокарбонатты-сульфатты құрамды. Барынша өнімді 84 ұңғымасы су деңгейі 7,2 метрге төмендегенде 8,1 л/с дебитті иеленеді. 78 ұңғыманың өнімділігі су деңгейі 12,19 метрге төмендегенде 4,05 л/с дебитті иеленеді.

Деректерді талдай отырып, сулы горизонттың динамикалық сапасы, оның қалыңдығы, химиялық құрамы шығыстан батысқа қарай заңды өзгереді және өзенге қарай жоғары сипаттамаларды иеленеді. Сулы горизонттың қалыңдығы орташа 90 метрге тең.

2.3 Жерасты суларының қалыптасуының негізгі заңдылықтары

Телім жағдайларын талдау, келешегі бар сулы горизонт (T_3) атмосфералық жауын-шашындардың сіңуі есебінен қоректенетінін және барынша көне түзілімдерден судың құйылуынан, сол сияқты өзенге жақын жерлерде қоректену жер беті суларының құйылуы есебінен жүзеге асырылатындығын көрсетті.

Ауданның климаты күрт континенталды. Қысы – сық, қатты, жазы – ыстық, құрғақ. Жауын – шашынның түсуі біркелкі емес, яғни көп бөлігі жылы

уақытта жаңбыр түрінде түседі, бұл сабалық кезеңде режимнің тұрақсыз екендігін көрсетеді, яғни режимдік сипаттамалар мен табиғи ресурстар есебінен негізгі қоректену, қоректену облысында сулы горизонттың сипаттамаларымен анықталады.

Су тасқыны кезінде (сәуір, мамыр) қардың еруінен қарқынды қоректену байқалады, бұл деңгейдің көтерілуіне, физикалық сапаның нашарлауына және минералдылықтың азаюына әкеледі. Су қоры біршама көбейеді. Сөйтіп, жерасты суларының қалыптасу ерекшеліктері келесідей болады:

1) сабалық кезінде бұл аймақта, режимнің параметрлері мен сулы горизонттың қоректенуі тұрақты қыс – жазда жер беті және табиғи ресурстар есебінен жүзеге асырылады.

2) су тасқыны кезі сәуір –мамыр. Бұл уақытта сулы горизонт қосымша қыс мезгіліндегі жауын – шашынмен қоректенеді.

2.4 Жерасты суларының табиғи қорлары мен ресурстарын бағалау

Жұмыс телімінде келешегі бар сулы горизонт Т₃ болып табылады. Суды кірістіретін қабат құм, гравий, малтамен ашылған. Сулы горизонттың қалыңдығы 70 - 110 метрге дейін. Ұңғымалардың дебиттері 4,0 - 8,1 л/с дейін өзгереді.

Жерасты сулары тұщы, минералдылығы 1 г/л, гидрокарбонатты – сульфатты құрамды.

Жерасты суларының табиғи қорлары мен ресурстарын бағалау үшін келесі гидрогеологиялық параметрлерді алдын ала есептеу қажет: сүзілу коэффициенті (Кф), суқайтарымдылық (m), деңгей өткізгіштік (a_y), үлестік дебит (g), келтірілген әсер ету радиусы (R_{пр}). Есептеулерді оңайлату үшін бастапқы деректерді кестеге енгіземіз (Б Қосымшасы).

Сүзілу коэффициентін (Кф) ұңғымаларды жетілдіруге Веригиннің түзетуімен, Дюпюи формуласы бойынша анықтаймыз:

$$K_f = \frac{0,73Q(\lg R/r + 0.217 E)}{(2H-S)S} \quad (2.1)$$

Веригиннің түзетуіін есептеу үшін (E), l/m и m/r қатынасын табамыз, мұнда: l – сүзгінің ұзындығы;

m – сулы горизонттың қалыңдығы, м;

r – сүзгінің радиусы, м

Содан кейін сүзілу коэффициентін (В Қосымшасы) кестелік тәсілмен анықтаймыз:

$$l/m = 0,16, \quad m/r = 1417, \text{ сонда } E = 66,9$$

Бұл есептеулер сулы горизонттың сүзілулік қасиеттерінің біркелкі еместігін көрсетті. Сүзілу коэффициентінің максималды мәні №84 ұңғымада, минималды мәні №1749 ұңғымада, бұл әртүрлі телімдердегі сулы түзілімдердің сазсыздануы туралы дәлелдейді.

Сүзілу коэффициентінің орташа арифметикалық мәнін табамыз және қалған параметрлерді анықтаймыз.

$$K_{\phi} = 3,245 \text{ м/тәулік}$$

Суқайтарымдылықты келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$m = 0,117^7$$

Деңгей өткізгіштік коэффициенті:

$$a_y = \frac{K_{\phi} * H}{m} = \frac{3,245 \text{ м/тәу} * 90 \text{ м}}{0,1384} = 2110,2 \text{ м}^2/\text{тәулік}$$

Келтірілген әсер ету радиусы

$$R_{\text{пр}} = 1,5$$

Сөйтіп, телім бойынша келесі параметрлерді аламыз:

$$m = 0,1384$$

$$a_y = 2110,2 \text{ м}^2/\text{тәулік}$$

$$R_{\text{пр}} = 6890,5 \text{ м}$$

$$K_{\phi} = 3,245 \text{ м/тәулік}$$

Табиғи ресурстар №84 және №1739 ұңғымалар арасындағы профиль бойынша анықталады. Ол үшін келесі формула пайдаланылады (Г Қосымшасы).

$$Q_1 = K_{\phi} * F * I * \cos l, \text{ м}^3/\text{тәулік}, \quad (2.2)$$

$$K_{\phi} = 3,245 \text{ м/тәулік}$$

$$F = B * H_{\text{ср}}$$

$$B = 21 \text{ см} * 500 \text{ м/см} = 10500 \text{ м}$$

$$H_{\text{ср}} = 90 \text{ м}$$

$$I = H/l = 265-240/2500=0,01$$

$$l = 5 \text{ см} * 500 \text{ м/см} = 2500 \text{ м}$$

$$\cos l = \cos 30^\circ = 0,86$$

$$\text{Бұдан } Q_1 = 3,245 \text{ м/тәулік} * 10500 \text{ м} * 90 \text{ м} * 0,01 * 0,86 = 26372 \text{ м}^3/\text{тәулік}$$

$$Q_1 > 21000 \text{ м}^3/\text{тәулік} = Q_{\text{потр}}$$

Қорытынды, тапсырыс берілген қажеттілік табиғи ресурстар есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Табиғи қорларды бағалау келесідей түрде жүргізіледі:

Бағалауға сулы горизонттың табиғи қорлары жатады, олар сулы горизонттың шекаралық жағдайлар сұлбасына қатысты, келтірілген әсер ету радиусы шектерінде орналасқан.

Телім картасына сәйкес, келешегі бар сулы горизонт жоспарда, сол сияқты қимада да $H = \text{const}$ шекараларда шектеулі таралған.

Табиғи қорлар келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_3 = l * m * V, \text{ м}^3, \quad (2.3)$$

мұнда l - 0,5 тең, қорларды алу коэффициенті


m – суқайтарымдылық коэффициенті

V – суланған таужыныстарының көлемі

$$V = F * H_{\text{ср}}, \text{ м}^3, \quad (2.4)$$

мұнда F – депрессиялық беттің даму алаңы ($F = L * 2R$, $L < 2R$ болғанда, мұнда L – сулы горизонт шекаралары арасындағы арақашықтық, R – депрессиялық беттің әсер ету радиусы)

$H_{\text{ср}}$ – сулы горизонттың қалыңдығы



$$R = 6890,5 \text{ м}$$

$$L = 8500 \text{ м}$$

$$F = 8500 \text{ м} * 2 * 6890,5 \text{ м} = 117138500 \text{ м}^2$$

$$V = 117138500 \text{ м}^2 * 90 \text{ м} = 10542465000 \text{ м}^3$$

$$Q_3 = 0,5 * 0,1384 * 10542465000 \text{ м}^3 = 729538578 \text{ м}^3$$

3.4.2 сурет – Табиғи қорларды анықтау сұлбасы

Сонда: $Q_3 = 0,5 * 0,1384 * 10542465000 \text{ м}^3 = 729538578 \text{ м}^3$

Тұрақты тұтытуда бұл қорларды қолдану мөлшерінің уақытын анықтаймыз:

$$Q_{\text{потр}} = 21000 \text{ м}^3/\text{тәулік}$$

Қорытынды, 10000 тәулік амортизациялық уақытында, 21000 м³/тәулік қажеттілікте сулы горизонтты пайдалану үшін бағаланған табиғи қорлар жеткілікті.

2.5 Кенорынында жерасты суларын барлау әдістемесінің ерекшеліктері

Телімді талдай отырып, келешегі бар сулы горизонт жер беті су құйылыстарымен байланысты, көне аллювиалдыларда бірегей гидравликалық жүйені түзе отырып тікелей жататын, қазіргі түзілімдерге сәйкес келетін, көне аңғарлардағы кенорындарына жатады.

Сондықтан, ерте сатыдағы гидрогеологиялық зерттеулердің мақсаты бірнеше телімнің салыстырмалы сипаттамаларын алу мен нақты сұлбаға қатысты, сутартқышты толық барлау үшін телімді таңдау болып табылады.

Алдын ала барлау жұмыстары бұрғылау, тәжірибелік, геофизикалық, гидрогеологиялық және стационарлық (режимдік) жұмыстарды орындау арқылы жүргізіледі.

Барлау ұңғымаларын әдетте тұстама кескіндері бойынша бұрғыланады, олар ұңғымалармен келешегі бар телімдердің қапталдары мен олардың орталық бөліктері сипатталатындай орналастырылады.

Ұңғыманың тереңдіктерін сулы горизонт жамылғысының жатыс тереңдігі мен оның қалыңдығына байланысты таңдайды.

Бұрғылау жұмыстарының көлемін қысқарту мен ұңғымаларды орналастыру орынын нақтылау үшін электрлік қалыпқа келтіру немесе ВЭЗ әдістері ұсынылады.

Барлық ұңғымалардан 5-8 тәулікке жалғасатын, 3 төмендеуге тәжірибелік сутартулар жүргізіледі.

Жерасты сулардың режимін бақылау өзендерде сулы постар, ұңғымалардан тұратын және қайнарлардан арылу орынында бақылау тораптары бойынша жүргізіледі.

Режимдік бақылаулардың жалғасуы бір жылдан кем болмауы керек, сондықтан оларды іздеу сатысында бастау керек.

2.6 Қорытынды

Жоғарыда көрсетілген материалдарды жалпылай отырып, келесідей тұжырымға келеміз: бұрында жүргізілген жұмыстарды талдау, сумен қамтамасыз ету үшін барынша келешегі бар, жоғарғы триас түзілімдерінің сулы горизонты T_3 болып табылатындығын көрсетті.

Бұл сулы горизонт барынша жоғары гидрогеологиялық сипаттамаларды иеленеді және толықтай зерттелген.

Жұмыс телімі нақты табиғи шекараларды иеленетін, Байтұрасай ауылы маңында орналасқан. Телімде әртүрлі жастағы түзілімдер бөлінген, олар да сумен қамтамасыз етуге келешегі барлар ретінде талданды. Бұл сулы горизонттар аз сапалы сипаттамаларды иеленді, сондықтан келешегі барлар ретінде таңдалған жоқ.

Жоғарғы триас түзілімдерінің сулы горизонты T_3 – солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытпен грунтты ағынды ашады және жоспарда $H=\text{const}$ тұрақты ағын контурларымен шектелген, қат-жолақ ретінде сұлбаланған.

Сулы горизонттың динамикалық сапасы шығыстан батысқа қарай заңды өзгереді және өзенге қарай жоғары сипаттамаларды иеленеді.

Сулы горизонттың қоректенуі атмосфералық жауын – шашындардың сіңуі мен жер беті суларынан, барынша көне түзілімдерден су құйылысы есебінен болады.

Сулы горизонттың қосымша қоректенуі су тасқыны кезінде қыс мезгіліндегі атмосфералық жауын – шашын есебінен болады.

Табиғи қорлар мен ресурстарды бағалауда, жерасты суларының есептелген табиғи қорлары мен ресурстары бүкіл амортизациялық кезеңге жеткілікті екені анықталды

3 Жұмысты орындау әдістемесі

3.1 Жұмыстардың негізгі тапсырмалары

Алдын ала барлау сатысында, жобаланатын жұмыстардың нұсқауларына сәйкес негізгі тапсырмалар төмендегідей болып табылады:

1. Жұмыс телімінде геологиялық (табиғи) жағдайды зерттеу;
 - әрбір бақылау нүктесінің жанындағы жерді сипаттау (бедер, өсімдік, судың байқалуы, адамның шаруашылық әрекеті);
 - массивтің беткі қабатындағы грунттың сынамасын, сол сияқты ҚХТ мен бакталдауға жер беті су құйылыстарынан судың сынамасын алу;
 - табиғи жағдайда және жоспарда барлық нүктелерді байланыстыру арқылы, аталған факторларды көрсету арқылы маршрут нобайын жасау.
2. Сулы горизонттың гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу;
 - қалыңдығын;
 - жерасты сулары деңгейінің жағдайын;
 - сулы түзілімдердің литологиялық құрамын;
 - сулы горизонттың жатыс жағдайы мен құрылымын;
 - ұңғымаға судың құйылу орынын анықтау;
 - жерасты суларының минералдылығы;
 - таужыныстарының сүзілулік қасиеттерін;
 - шекаралық жағдайларды анықтау;
 - пайдаланылатын қорлардың қалыптасу көздерін анықтау;
 - жерасты суларының қозғалу жылдамдықтары мен бағыттарын анықтау;
 - жер беті суларының құйылуымен өзара байланысты жағдайларды зерттеу;
 - дебиттің деңгей төмендеуінен байланысын анықтау.

3. Есептік гидрогеологиялық параметрлерді және алаң мен қима бойынша олардың негізгі өзгеру заңдылықтарын анықтау.

4. Жерасты және жер беті суларының режимін зерттеу:

- негізгі режим түзуші факторларды белгілеу;
- режимдегі заңдылықтарды анықтау;
- жерасты сулары режимінде өзгерістерді болжамдау;
- сулы горизонттың қоректенуі мен арылуын анықтау;
- су балансының элементтерін анықтау.

5. Тәжірибелік жұмыстар мен режимдік бақылауларды жүргізуде сынаманы сапалы алу.

6. Жерасты суларының сапасын анықтау, бактериологиялық және химиялық қасиеттерін анықтау.

7. Бұрғылау ұңғымаларын жоспарда көрсету үшін олардың жоспарлық байланысы, сол сияқты натурада бұрғылау нүктелерін шығару және жергілікті жерде оларды бекіту.

8. Зерттеу материалдарын өңдеу:

- дала алды және далалық кездерде алынған, барлық материалдарды өңдеуді аяқтау;

- зертханалық зерттеу нәтижелерін өңдеу мен жалпылау;

- негізгі гидрогеологиялық карталарды, басқа да есепнамаға қосылатын графикалық материалдарды жасауды аяқтау;

- гидрогеологиялық түсірім бойынша, соңғы есепнама түрінде барлық материалдарды жалпылау.

9. Қажетті аппаратураларды пайдалануға рұқсат беретін, журналдар, актілерді немесе зерттеу әдістерін жасау және оларды уақытында қолдану.

10. Еңбек қорғау мен өрттен қорғану сұрақтарын зерттеу.

3.2 Жұмыс көлемдері мен жүргізу әдістемелері мен тапсырмаларына негіздеме

Алға қойылған талаптарды шешу үшін төмендегідей жұмыс кешенін жүргізу қарастырылады:

1. Аэрофототүсірімдерді және олардың нақты табиғи жағдайлармен байланысын алдын ала дешифрлеу нәтижелерін тексеру үшін маршруттық зерттеулер.

2. Барлау ұңғымаларын орналастыру орынын таңдау, қиманы ашпай немесе барлау жұмыстарының минималды көлемімен, телімнің гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу үшін геофизикалық жұмыстар.

3. Қиманы жасанды ашу мен қиманы құжаттандыру, әртүрлі зерттеулерді жүргізу үшін бұрғылау жұмыстары.

4. Сулы горизонттың гидрогеологиялық сипаттамаларын зерттеу мақсатында, тәжірибелік жеке және шоғырлық сутарларды ұйымдастыру үшін тәжірибелік-сүзілулік жұмыстар.

5. Уақыт бойында гидрогеологиялық параметрлердің өзгергіштігін бағалау мен осы өзгерістерді болжауға көмектесетін құбылыстарды зерттеу үшін режимдік бақылаулар.

6. Сынамаға судың қажетті мөлшерін алу және зертханалық зерттеулерді жүргізу жолымен оларды ары қарай талдау үшін сынамалау.

7. Мақсатқа қарай талаптарға сәйкес жерасты суларының сапасын бағалау мен алдын ала зерттеу үшін зертханалық жұмыстар.

8. Жобалық ұңғымалардың жоспарлық және биіктік байланыстары үшін топографиялық жұмыстар.

9. Зерттеулердің бұрында жүргізілген түрлері бойынша, толық есепнаманы жасау үшін камералдық жұмыстар.

3.2.1 Маршруттық зерттеулер

Маршруттық зерттеулердің мақсаты нақты табиғи жағдайлармен қолда бар ақпарат пен жобаланған жұмыстарды байланыстыру болып табылады.

Маршруттық зерттеулердің негізгі тапсырмаларына келесілер кіреді:

1. Жұмыс телімінде геологиялық жағдайды зерттеу:

- әрбір бақылау нүктесінің жанындағы жерді сипаттау (бедер, өсімдік, судың байқалуы, адамның шаруашылық әрекеті);
- массивтің беткі қабатындағы грунттың сынамасын, сол сияқты ҚХТ мен бакталдауға жер беті су құйылыстарынан судың сынамасын алу;
- табиғи жағдайда және жоспарда барлық нүктелерді байланыстыру арқылы, аталған факторларды көрсету арқылы маршрут нобайын жасау.

Маршруттық зерттеулер тәжірибелік зерттеулерді жүргізу мен табиғи жағдайлармен аэрофотобақылауларды байланыстыру жолымен нәтижелер үшін, сол сияқты бедермен, өсімдіктермен, жергілікті қабаттың ерекшеліктері мен жер беті суларының химиялық құрамымен практикалық танысу үшін, барлау ұңғымаларының орналасқан жерін дәлдеу үшін жүргізіледі.

Зерттеудің бұл түрі табиғи жағдай элементтерінің максималды өзгеру бағыты бойынша, өзен аңғарының созылым бағытына көлденең кескіндер бойынша жүргізіледі. Ол үшін кескіндердің әрқайсысы бақылау нүктелеріне бөлінеді, оларды жұмыстардың арнайы жинағы жүргізіледі:

- а) апанша қазылады;
- б) грунттың сынамасы алынады;
- в) бақылаудың әрбір нүктесінің маңы сипатталады;
- г) далалық күнделікте маршруттың нобайы тіркеледі.

Жұмыс телімінде маршруттық бақылаулар Урта-Буртя өзен аңғарында созылым бағытына көлденең орналасқан, 7 кескін бойынша жүргізіледі. Кескіндер бір бірінен 2 км арақашықтықта орналасады. Бақылау нүктелері арасындағы арақашықтық табиғи жағдайдың өзгеру сипатына байланысты таңдалады.

Маршруттық зерттеулерді жүргізуде төмендегілерді пайдалану қажет:

- а) геологиялық компас;

- б) далалық күнделік, қарындаш;
- в) күрек;
- г) грунт пен судың сынамасын алу үшін сыйымдылық.

Маршруттық зерттеулердің көлемі, 1 : 50000 масштабтағы жұмыс телімінің гидрогеологиялық картасына сәйкес 57,750 км бойын құрайды.

3.2.2 Геофизикалық жұмыстар

Геофизикалық жұмыстардың мақсаты қиманы ашпай немесе барлау жұмыстарының минималды көлемімен, телімнің гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу болып табылады.

Бұл зерттеулерді төмендегі тапсырмаларды шешу үшін қажетті:

1. Сулы горизонттың гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу;

- қалыңдығын;
- жерасты сулары деңгейінің жағдайын;
- сулы түзілімдердің литологиялық құрамын;
- сулы горизонттың жатыс жағдайы мен құрылымын;
- ұңғымаға судың құйылу орынын анықтау;
- жерасты суларының минералдылығы;
- таужыныстарының сүзілулік қасиеттерін;

Жұмыспен бұл тапсырмаларды шешу үшін төмендегі әдістерді пайдалану қарастырылады:

1) Электрлік барлау (ВЭЗ) – қиманы ашпай сулы горизонттың жатыс жағдайлары мен құрылымын, жұмыс телімінде барлау өндірімдерін ұтымды орналастыру, қалыңдығын анықтау үшін жер бетіндегі геофизикалық зерттеулер.

2) Ұңғымалық әдістер (гамма каротаж, электрлік каротаж, КС, ПС, бүйірлік каротаждық зондирлеу (БКЗ), резистивиметрия, шығынды өлшеу, кавернометрия) сулы горизонттың гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу мен бағалау үшін арналған.

ВЭЗ көлемдегі бұрында жүргізілген жұмыстардың практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, келесі тәсілмен анықталады: ұңғымалардың тереңдігі 100м, онда $H_{г/ф}=105м$ $AB/2 = 1050м$, а $AB = 3100 м$. $AB = (10\% * 3100) / 100\% = 310 м$; қондырғы қадамы $AA' = 3100 - 310 = 1890 м$. Кескіннің ұзындығы 57750 м, онда $n = 57750м / 1890м = 30,5 = 31$ ф.т.

2. Ұңғымалардағы геофизикалық әдістерді жүргізу әдістемесі келесідей:

а) КС және ПС әдістері сулы горизонттың жатыс жағдайын, құрылымын, қалыңдығын зерттеу үшін жүргізіледі.

Ол үшін зерттеу жұмыстарын бастар алдында жоғарғы көтергіш пен зертхананы ұңғыма сағасынан 20м арақашықтықта көлденең алаңда орналастырады. Жоғарғы көтергіш пен зертхананы жермен қосылған, шегендеу құбырына немесе бұрғылау контурына жеке жерлендірумен жерге қосады.

Ұңғыма сағасы үстінде блок-балансты бекітеді, бір жағына тереңдік датчигін кигізеді. Тереңдік датчик, магниттік дәл ұстаушы мен созу датчигін жоғарғы көтергіш пен зертхананың басқару пультының сымымен қосады.

КС және ПС әдістерін зерттеу көлемі құрайды: $(12+2)*100\text{м}=1400$ метр бойы.

б) БКЗ жерасты сулары деңгейінің жағдайын анықтау мен таужыныстарының сүзілулік қасиеттерін зерттеу үшін пайдаланылады.

БКЗ көлемі құрайды: $(12+2) * 100\text{м} = 1400$ метр бойы.

в) Гамма-каротаж сулы түзілімдерінің литологиялық құрамы мен жерасты суларының минералдылығын зерттеу үшін пайдаланылады.

Бұл әдіске 35 мм диаметрлі және 150 м тереңдіктегі ұңғыма үшін қолданылатын, СРП-68-01 сцинтилляциялы радиометр пайдаланылады. Құралдың қоректенуі 343 типтегі батарея элементтерінен жүзеге асырылады. Құрал екі бөлік түрінде орындалған: пульт (РПГ4-01) және детектрлеу блогы (БДГ4).

Гамма-каротажды зерттеулердің көлемі құрайды: $(12+2) * 100 \text{ м} = 1400$ метр бойы.

г) Резистивиметрия ұңғымаға судың құйылу орынын анықтау үшін қолданылады.

Тұщы сулардың құйылысын анықтауда ұңғыма бойынша алдымен тіркеледі:

Резистивиметрия көлемі құрайды: $(12+2) * 100\text{м} = 1400$ метр бойы.

д) Кавернометрия цементтің қажетті мөлшерін анықтауда құбырмаңы кеңістігінің көлемдерін есептеу үшін, шегендеу құбырын цементтеу үшін, бұрғылауда ұңғыма оқпанының жағдайын бақылау, ұңғыманың геологиялық қимасын нақтылау үшін ұңғыма диаметрі туралы бастапқы деректерді алу үшін пайдаланылады.

Жұмыстың көлемі құрайды: $14 \text{ ұңғ.} * 100 \text{ м} = 1400$ метр бойы

е) Бұл әдісте СТД типтес шығын өлшегіш пайдаланылады.

Жұмыс көлемі құрайды: $14 \text{ ұңғ.} * 100 \text{ м} = 1400$ метр бойы

3.2.3 Бұрғылау жұмыстары

Бұрғылау жұмыстардың мақсаты әртүрлі тәжірибелік зерттеулерді жүргізу үшін қиманы жасанды ашу болып табылады.

Бұрғылау жұмыстарының тапсырмасына кіреді:

Сулы горизонттың гидрогеологиялық жағдайларын зерттеу:

- қалыңдығы
- сулы горизонттың жатыс жағдайы мен құрылымы
- жерасты сулары деңгейінің жағдайы.

1. Ұңғыма типтерінің негізделуі, саны мен тереңдігі

Бұл телім аумағында бұрғылау жұмыстарын жүргізу барлау және бақылау ұңғымаларын қазумен аяқталады, яғни зерттеудің бұл сатысы алдын-ала болып табылады.

Барлау ұңғымалары келешегі бар сулы горизонттың алдын ала зерттеу мен барлаудың толық сатысында оларды ары қарай пайдалану үшін арналған. Телім

картасына сәйкес, барлау ұңғымалары 12 ұңғымалар санына, телімдердің барынша тән орындарында, 7 кескінде орналасады.

Жұмыспен сулы горизонтты ашу қарастырылады, ұңғыманың тереңдігі 100 метрді құрайды.

Барлау ұңғымаларында тәжірибелік-жеке сутартуларды жүргізгеннен кейін, барынша жақсы нәтижелерді беретін ұңғымаға тағы екі бақылау ұңғымасы бұрғыланады.

Бұл ұңғымалар тәжірибелік жұмыстарды жүргізуде, жерасты суларының режимін бақылау үшін пайдаланылады.

2. Жұмысты жасау жағдайлары

Зерттеліп отырған телім жерасты сулары кенорынының 1-ші типіне жатады. Телім аумағында грунт жолдары мен басқа да жүретін жолдар, сол сияқты энергия ресурстары мен отын ресурстары бар.

Сулы горизонт бұрғылау бойынша 2-ші категорияға жататын, 90м дейінгі қалыңдықтағы малта мен гравийдің аздаған қосыпалары бар, әртүрлі түйірлі құмдармен ашылған.

Ұңғымалар жергілікті жерге тән телімдерде геофизикалық кескіндерде орналасады. Кескіндер арасындағы арақашықтық 2 км.

3. Бұрғылау тәсілін таңдау және негіздеу.

Бұрғылау тәсілін таңдау келесі факторлармен анықталады:

а) ауданның гидрогеологиялық зерттеу дәрежесімен

б) сулы горизонт сипатымен

в) бұрғылаудың таңдалған тәсілінің техника-экономикалық көрсеткіштерімен.

100м тереңдікте арынсыз сулы горизонтта барлау және бақылау ұңғымаларын бұрғылау үшін, жұмыспен сазды ерітіндіні шаю арқылы, тұтас кенжармен бұрғылаудың айналу тәсілімен қарастырылады.

Айналмалық тәсіл тұтас кенжармен бұрғылаудың жоғары механикалық және саудалық жылдамдығын, ұңғыма конструкциясының аз метал сыйымдылығын және кез келген қаттылықтағы таужыныстарында бұрғылау мүмкіндігін береді.

4. Сүзгі конструкциясын таңдау және негіздеу

Сүзгі конструкциясын таңдауда, сүзгі судың талап етілетін мөлшерін өткізуі қажет, қоршаған таужыныстарынан құмдақты бөлшектерді өткізбеуі керек, коррозиядан бұзылмауы керек, судың сапасын нашарлатпауы керектігін ескеру қажет.

Сулы горизонт малта мен гравийдің қосындысы бар, ұсақ түйірлі құммен ашылған, саңылаулы және тормен оралған құбырлық сүзгіні таңдаймыз, яғни барлау ұңғымасы және сүзгінің күрделі конструкциясын талап етпейді.

Сүзгінің жұмыс бөлігінің ұзындығы келесі формула бойынша есептеледі:

$$L=Q \cdot t : d \quad (2.5)$$

мұнда Q – ұңғыманың дебиті, м³/сағат

l – литологияны ескеретін коэффициент ($l = 90$, өйткені сулы горизонт ұсақ түйірлі құмдармен ашылған).

d – сүзгінің диаметрі, мм

$$L = 19,59 \text{ м}^3/\text{сағат} * 90 : 114 \text{ мм} = 16 \text{ м}.$$

Сүзгі үсті құбырының ұзындығы 2 метрден кем болмауы қажет, ал тұндырғышта 1 м, сүзгінің жалпы ұзындығы 20 метр деп аламыз. Сүзгіні орнату тәсілі «шегендеу құбырларының бағанында», яғни барлау ұңғымалары және сүзгіні тұрақты ауыстыруды талап етпейді.

5 Суды жоғары көтеретінді таңдау және негіздеу

Ұңғымалардың мақсатына сәйкес қысқаша уақыттық типтегі суды жоғары көтеретін – эрлифтін таңдаймыз.

Эрлифт ұңғымадан лай, лас суды тарту үшін, сол сияқты шоғырлық сутартуларды ұйымдастыру үшін зерттеудің алдын ала сатысында пайдаланылады. Д Қосымшасы

Эрлифтің параметрлерін есептеуді келесі кестенің көмегімен жүргіземіз:

Жүргізілген есептеулерге сәйкес ПКУ компрессорының типін таңдаймыз. Компрессордың техникалық сипаттамасы:

1. Динамикалық деңгейдің тереңдігі – 30 м;
2. Эрлифтің беру – $20 \text{ м}^3/\text{сағат}$;
3. Араластырғышты төмендету тереңдігі – 75 м;
4. Ауаның қысымы – $7 \text{ кгс}/\text{см}^2$
5. Қысылған ауаның шығыны – $1,2 \text{ м}^3/\text{мин}$
6. Қондырғының жалпы салмағы – 570 кг
6. *Ұңғыма конструкциясын таңдау мен негіздеу*

Ұңғыманың конструкциясы гидрогеологиялық жағдайлар және бұрғылау тәсілімен анықталады, келесі талаптарды қанағаттандыру қажет:

- 1) суды жоғары көтеретін бөлігі жобаланған дебитке тең, судың құйылысын қамтамасыз ету керек;
- 2) суды жоғары көтеретін бағананың диаметрі онда суды жоғары көтергішті орналастыру үшін жеткілікті болуы керек.
- 3) ұңғыма оқпанына жер беті сулары кірмеуі керек.
- 4) конструкция күрделі болмауы керек және пайдалану үшін ыңғайлы болуы керек.

Ұңғыма конструкциясының элементтері мен негізгі параметрлері:

- 1) тереңдігі
- 2) шегендеу құбырларының диаметрі, ұзындығы мен саны
- 3) арнайы қондырғылар (тығыздамалар).

Ұңғыма бұл геологиялық жағдайларда бұрғылау тәсілі мен жалпы принциптеріне сәйкес екі бағанды конструкцияларды иеленеді:

1 баған – 10 м тереңдіктегі кондуктор (бағыттаушы құбыр).

2 баған – 90 м тереңдіктегі суды көтергіш.

Сүзгі астында қашаудың соңғы диаметрін таңдаймыз: $D_k = d\phi + 26$,

мұнда $d\phi$ – 114 мм тең сүзгілік бағанның диаметрі

ϕ – ұңғыма қабырғасы мен сүзгі арасындағы саңылау (15-50).

$D_k = 114 \text{ мм} + 26 \text{ мм} = 140 \text{ мм}$, демек сүзгі астында қашаудың диаметрі 140 мм, қашаудың типі – В – 140.

Суды жоғары көтеретін (114 мм) муфталардың диаметрі 133 мм тең, кондуктордың диаметрі 168 мм. Кондуктор астында қашаудың диаметрі 190 мм тең, қашаудың типі В – 190К. Кондуктордың құбыр маңы кеңістігінде сазды тығындауға жатады, яғни барлау ұңғымалары жатады.

Бір және екінші бағандар арасындағы кеңістік ашпалы тығыздамалармен бітеледі. Е Қосымшасы.

Бұл конструкция барлау және бақылау ұңғымалары үшін де пайдаланылады.

7. Ұңғымаларды тығындау

Тығындау сулы горизонтты оқшаулау мен ұңғыма қабырғаларын бекіту үшін жүргізіледі. Барлау және бақылау ұңғымалары зерттеу жүргізілгеннен кейін жабылады, жобамен құбыр маңы кеңістігін сазбен тығындау қарастырылады.

Сазбен тығындау шегендеу бағанының (кондуктор) құбыр маңы бөлігін нығыздау үшін қолданылады.

Тығындау келесідей түрде жүргізіледі: ұңғымаға 5-7 см диаметрлі саздардың шариктерін аздаған мөлшерде лақтырады. Саздың әрбір мөлшерін бұрғылау құбырларындағы ұңғымаға түсірілетін металды нығыздамамен нығыздайды.

Құбыр маңы кеңістігінде сазды қысу үшін, шегендеу құбырларының бағаны башмағын ағаш конусты тығынмен жабады. Тығындалу аяқталғаннан кейін тығын бұрғыланады.

Тығындау көлемі $14 \text{ скв.} \cdot 10 \text{ м} = 140 \text{ метр бойын}$ құрайды.

8. Бұрғылау режимі

Бұрғылау режимімен жылдамдық және сапалық көрсеткіштерді анықтайтын, параметрлердің барынша тиімді байланысуы түсіндіріледі.

Айналып бұрғылау режимінің параметрлеріне жатады: қашауға түсетін осьтік күш, оның минутына айналу саны мен оның сапасы жоғары болғанда, кенжарға берілетін жуу сұйығының мөлшері.

1. Қашауға түсетін осьтік күш $P_{oc}(\text{кН})$ келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{oc} = P_o D_d, \quad (2.6)$$

мұнда P_o – қашауға түсетін үлестік күш 1,85 кН тең, D_d – қашаудың диаметрі, см.

190 мм диаметрлі В-190К қашаумен бұрғылауда осьтік күш $P_{oc} = 1,85 \text{ кН}$
* 19 см = 35,15 кН құрайды.

140 мм диаметрлі В-140С қашауымен бұрғылауда төмендегіні құрайды:
 $P_{oc} = 1,85 \text{ кН} * 14 \text{ см} = 25,9 \text{ кН}$.

Бұрғылау білдегінің техникалық сипаттамаларына сәйкес $P_{oc} = 20 \text{ кН}$ деп аламыз.

2. Айналу жиілігін төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$n = 60V / \Pi D_d \text{ айн/мин} \quad (2.7)$$

мұнда V – шеңберлік жылдамдық (1,5 м/с), D_d – қашаудың диаметрі, м.

190 мм диаметрлі қашаумен бұрғылауда айналу жиілігі төмендегіні құрайды:

$$n = 60 * 1.5 / 3.14 * 0.19 = 151 \text{ айн/мин.}$$

140 мм диаметрлі қашаумен бұрғылауда айналу жиілігі төмендегіні құрайды:

$$n = 60 * 1.5 / 3.14 * 0.14 = 205 \text{ айн/мин.}$$

Білдектің техникалық сипаттамасына сәйкес қашаудың айналу жиілігін аламыз: 190 мм – 197 айн/мин.

140 мм – 300 айн/мин.

3. Жуу сұйығының шығыны келесі формула бойынша анықталады:

$$Q = V_{в.п.} * \Pi / 4 * (D_d^2 - d^2), \quad (2.9)$$

мұнда $V_{в.п.}$ – жуу сұйығының өрлеме тасқынының жылдамдығы, дм/с
(шарошканы қашаулар үшін 10 дм/с тең),

D_d – қашаудың диаметрі, дм

d – ұңғыма диаметрі, дм.

190 мм диаметрлі қашаумен бұрғылауда жуу сұйығының шығыны төмендегіні құрайды:

$$Q = 10 \text{ дм/с} * 3.14 / 4 * (1.9^2 - 1.68^2) = 6.2 \text{ л/с}$$

140 мм диаметрлі қашаумен бұрғылауда жуу сұйығының шығыны төмендегіні құрайды:

$$Q = 10 \text{ дм/с} * 3.14 / 4 * (1.4^2 - 1.14^2) = 5.2 \text{ л/с}$$

Өйткені, бұрғылау насосының техникалық сипаттамаларына сәйкес, максималды суды беру 7 л/с, жуу сұйығының шығыны 7 л/с.

Қашауға түсетін осьтік күштің негізгі бөлігі ауыр бұрғылау құбырларының (АБҚ) салмағынан болады, олардың ұзындығы төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$L=KP/dg*(1-p_{ж}/p), \text{ м}, \quad (2.8)$$

мұнда Р – қашауға түсетін осьтік күш, Н

К – жұмыс бұрғылау құбырларын созу үшін салмақты қосу коэффициенті (1,25-1,5),

g - 1м ауыр бұрғыланған құбырлар, кг

d – еркін құлау жылдамдығы (9,8 м/с²),

$$L = 1.25*20000\text{Н} / 9.8 \text{ м/с}^2*63 \text{ кг}(1 - 1200\text{кг/м}^3/7850\text{кг/м}^3)= 48 \text{ м (АБҚ)}.$$

Сонда, 8 м ұзындықтағы ауыр бұрғылау құбырларының саны 48/8=6 құбырды құрайды.

Бұрғылау тереңдігі 100м құрайтындығын ескере отырып, жеңіл балқитын бұрғылау құбырларының 52 м қосу қажет, бұл ұзындығы 9 м, 6 құбырды құрайды.

АБҚ саны ұңғыма кенжарына осьтік күшті 25% көбейтуі керек.

9. Бұрғылау агрегатын таңдау

Жобамен сазды ерітіндімен шаю арқылы, тұтас кенжарда айналып бұрғылау қарастырылатындықтан, ұңғыма тереңдігін, олардың диаметрі мен бұрғылау режимінің параметрлерін ескере отырып, айналмалы типтегі УРБ-2,5А қондырғысын таңдаймыз.

Бұл білдек осындай геологиялық жағдайларда, бұрғылауға аз шығынмен, тапсырыс берілген диаметрмен жобалық тереңдікке дейін барлау ұңғымаларында бұрғылау жүргізуге мүмкіндік береді.

10. Бұрғылау технологиясы

Дайындық жұмыстары бұрғылау агрегатын (қондырғы) жөндеу мен сәйкес келетін құжаттарды жасаумен аяқталады.

Ұңғыманы бұрғылау құбыр маңы кеңістігін цементтеу арқылы, 2-3 м ұзындықтағы бағыттаушы құбырды, алдын ала қазылған шурфқа орнату арқылы басталады.

Қашаудың типі мен көлемі бұрғылаудың қажетті диаметрі мен таужыныстарының қасиеттеріне сәйкес таңдалады. Бұл жағдайда пайдалануы ұңғыманың диаметрін сақтау үшін жағдайды жақсартатын, кенжарда таужыныстарының қарқынды бұзылуына әсер ететін, үш шарошкалы қашау пайдаланылады.

11. Негізгі, қосалқы және апаттық қондырғыны таңдау мен негіздеу

Айналу тәсілінде негізгі қондырғы ретінде бұрғылау снаряды мен шегендеу құбырлары алынады.

Бұрғылау снаряды бұрғылауда таужыныстарының бұзылуы үшін арналған және келесі қосындылардан тұрады:

Снарядтың бұл құрамы 190 мм диаметрмен, сол сияқты 140 мм диаметрмен де бұрғылау үшін таңдалады.

Сол сияқты, негізгі қондырғы ретінде шегендеу құбырларын пайдаланады, олар ұңғыма сағасын бекіту, жоғарыда жатқан қабаттарды сынамаулау мақсатында, олардың өнімді шоғырлардан алшақтату үшін пайдаланылады.

Бұл жағдайда екі диаметрлі шегендеу құбырларын пайдаланады:

1) 168 мм – кондукторды орнату үшін (1 метр құбырдың салмағы 9,3 кг, құбырдың ұзындығы 10 м)

2) 114 мм – ұңғыманың су қабылдайтын бөлігінің қондырғысы үшін (1 метр құбырдың салмағы – 6,3 кг, құбырдың ұзындығы 10 м).

Қосалқы қондырғы ретінде пайдаланылады:

1) Бұрғылау құбырларын бұрап шығару және бұрап салу үшін шарнирлі кілттер – $d=89$ мм.

2) Шегендеу құбырларын бұрап шығару және бұрап салу үшін шарнирлі кілттер – $d=114$ және 168 мм.

3) ойықтарда құлыптар мен ниппелдердің бөлшектерін ұстау үшін құлыптар мен ниппельдер үшін кілттер

4) Бұрғылау құбырларының көлемі бойынша оларды жинау және шығаруда бұрғылау құбырларын ұстау үшін шарнирлі қамыттар – $d=89$ мм.

5) төмен түсіріп – жоғары көтеру операцияларында ұңғыма сағасы үстінде бұрғылау бағанын ұстау төсеме ашалар, $d=80$ мм.

